

«6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған

Әбдиман Жанин Өмірханқызының
«Ұлықтау сөзі саяси дискурстың бөлігі ретінде»
тақырыбындағы диссертациясының
АНДАТПАСЫ

Ұлықтау сөзі – саяси дискурста ерекше орын алатын ритуалдық және перформативтік мәні жоғары, жаңадан сайланған президенттің ең алғашқы маңызды және символдық сөзі. Ол ел дамуының жаңа кезеңінде қоғамдық бірлікті қалыптастырудың идеологиялық негізі бола тұра, елдің рухани, этикалық және мәдени құндылықтарын, жаңа басшының ішкі және сыртқы саясатының қағидаттарын қамтитын және биліктің жаңа президентке ауысуын білдіріп, оны заң жүзінде растауға және оның билігінің негізгі идеологиялық бағыттарын бекітуге бағытталған сөз.

Ұлықтау сөзінің барлық элементтері қатаң ережелер мен тәртіптерге сай бекітілген салтанатты рәсімде сөйленеді. Саяси дискурстың әсерлі жанрларының бірі ретінде экспрессивті сөйлеу өрнектеріне қаныққан ұлықтау сөзі лингвистикалық зерттеулердің өзегіне айналуы орынды.

Зерттеудің өзектілігі оның қазіргі дискурс теориясының парадигмасына, атап айтқанда, саяси дискурста қамтылуымен негізделген. Қазіргі таңда, көпшілік алдында сөйленетін сөздер халықаралық ақпараттық ортаға енуі салдарынан, яғни жаһандану контекстінде ұлықтау дискурсының ұлттық ерекшеліктері және әмбебап сипаттамаларын анықтау қажеттілігі оның өзектілігін арттыруда.

Саяси дискурстың жарқын жанрларының бірі ретінде саяси дискурстың коммуникацияға бағытталған теориясы Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздеріне ден қоя зерттеуге, сондай-ақ әртүрлі саяси мәдениеттердегі саяси коммуникацияның стратегиялары мен риторикалық құралдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазақстандық лингвистикалық мектебінде ұлықтау сөзі жеке жанр ретінде, сондай-ақ оның құрылымдық, риторикалық және дискурсивтік ерекшеліктерін анықтау тұрғысынан жіті зерттелмеген, бұл да тақырыптың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын айқындайды.

Ғылыми жаңалығы алғаш рет саяси дискурс аясында ұлықтау жанрына жан-жақты талдау жасауға бағытталған. Бұл қазақстандық саяси лингвистиканың ғылыми айналымында екі ел президенттерінің ұлықтау сөздерін терең зерттеуге мүмкіндік берді.

200 жылдан астам уақыт бойы АҚШ-тың саяси мәдениетінің бір бөлігі болып келе жатқан ұлықтау сөздері шетелдік зерттеушілер тарапынан белсенді түрде зерттелуде, алайда олар бұрын-соңды отандық тіл білімінде арнайы қарастырылмаған. Осыған байланысты Қазақстан президенттерінің ұлықтау сөздерін Америка президенттерінің ұлықтау сөздері контекстінде зерттеу ерекше қызығушылық тудырады.

Зерттеуде екі ел президенттерінің ұлықтау сөздерінің жанрлық, құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін қазіргі саяси лингвистика аясында сипаттау талпыныс нәтижелері берілген.

Зерттеудің мақсаты – саяси дискурстың репрезентативті және типтік бөлігі ретінде ұлықтау сөздерін талдау.

Зерттеу міндеттері 3 блоктан тұрады:

1. Саяси дискурстың қазіргі отандық және шетелдік лингвистикалық зерттеулерінің концептуалды және әдіснамалық негіздерін зерттеу; саяси дискурстың жалпы белгілері мен функцияларын анықтау; саяси дискурстың жанрлық әртүрлілігінің ерекшелігін белгілеу.

2. АҚШ пен Қазақстан Республикасындағы ұлықтау рәсімінің тарихи-мәдени контекстін зерттеп, сипаттау.
3. Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінің жанрлық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтай отырып, АҚШ пен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздеріне жан-жақты функционалдық талдау жүргізу; АҚШ пен Қазақстан Республикасы Президенттерінің ұлықтау сөзінің стильдік сипаттамаларын зерттеу; Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасының президенттері ұлықтау сөздерінің функцияларын жүзеге асыру үшін қолданатын риторикалық әдістерді анықтау және сипаттау.

Зерттеу объектісі – 1991-2025 жылдар аралығындағы Билл Клинтон, Джордж Буш, Барак Обама, Дональд Трамп және Джо Байденнің (Вашингтон), Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың (Алматы, Астана) ұлықтау сөздері болып табылады.

Зерттеу пәні салтанатты (эпидейктикалық) ұлықтау сөздері саяси дискурстың жанры ретіндегі.

Зерттеу материалдары мен дерек көздері:

Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінің жалпы саны 16 мәтінді құрайды.

Зерттеу аясында АҚШ президенттерінің ұлықтау сөздері Санта-Барбарадағы Калифорния университетінің интернет парақшасында (<https://www.presidency.ucsb.edu/documents/presidential-documents-archive-guidebook/inaugural-addresses> сілтемесі бойынша) орналасқан «The American Presidency Project» атты президенттік құжаттардың дерекқорынан алынды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлықтау сөздері (2019; 2022), сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы екі ұлықтау сөзі (2011; 2015) Қазақстан Республикасы Президентінің <https://www.akorda.kz/ru/speeches> ресми сайтында жарияланған. Президент Назарбаевтың алғашқы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөздері (1991, 1999 және 2006 ж.ж.) <https://nazarbayev.kz/public/ru> ресми сайтында жарияланбауына байланысты оның алғашқы үш сөзі сол сайтта орналасқан «Нұрсұлтан Назарбаевтың таңдамалы сөздері» жинақтарынан алынды.

Зерттеу әдістері ұлықтау сөздерін саралау деректерді жинау мен талдаудың жалпы ғылыми және арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы ұсынылған: лингвистикалық талдау әдістерін біріктіретін дискурстық талдау (құрылымдық талдау, мәтінді лингвистикалық талдау, дискурстың стилистикалық талдауы); ұлықтау сөз жанрындағы американдық және қазақстандық саяси дискурстың ұлттық ерекшелігін анықтауға көмектесетін салыстырмалы талдау; сонымен қатар бақылау, салыстыру, түсіндіру, жалпылау, сандық талдау әдістерін қамтиды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздері саяси дискурстың ерекше жанры ретінде ұлықтау сөзінде дәстүрлі ерекшеленетін барлық төрт функцияны орындайды: а) интеграциялық функция – ұлтты ортақ мақсаттар төңірегінде біріктіру; б) инспиративті функция – ұлттық құндылықтарды нығайтып, тарихи жетістіктерді атап көрсету; в) декларативті функция – жаңа президенттің саясаты мен басымдықтарын белгілеу; г) перформативті функция – биліктің ауысуын ресми түрде жариялау және растау. Дегенмен, берілген шеңберде АҚШ пен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздері әртүрлі функционалдық тақырыптарға баса назар аудара, ерекшеленеді. Ортақ белгілерге қарамастан, функцияларды орындау кезіндегі басымдылықтар әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ президенттері демократиялық құндылықтар мен тарихи сабақтастыққа

ерекше мән берсе, Қазақстан Республикасының президенттері тұрақтылыққа, дәстүрге және ұлттық бірлікке баса назар аударады.

2. Ұлықтау сөздері жиі саяси перформативтер болып саналады. АҚШ пен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерін талдау нәтижелері осы көзқарасты ұстанатын ғалымдардың (К.Кэмпбелл, К.Джемисон, О.Юдина және т.б.) дәлелдеріне қосылуға мүмкіндік берді. Мұны зерттеуде расталған саяси дискурс жанры ретіндегі ұлықтау сөзінің негізгі сипаттамалары (дәстүрлі құндылықтардың қайнар көзі – халықтың тарихына үндеу жасау; президентті сайлау заңдылығын көрсететін ұлт бірлігіне үндеу жасау; жаңа елдің саяси принциптерінің декларациясы және т.б.) дәлелдейді. Ұлықтау сөздерінде саяси дискурстың осы жанрының салтанаттық сипатын күшейтетін әртүрлі риторикалық құралдар, негізінен метафоралар, параллелизм, антитеза және қайталау сынды құралдар қолданылады. Бұл стилистикалық құралдар негізгі идеологиялық мәлімдемелерді күшейтіп, ұлықтау сөздерін есте қаларлық және сенімді етеді. Сонымен қатар, көрермен назары ұлықтау сөзін айту, өзін-өзі ел президенті жариялау әрекетіне бірегей саяси әрекет ретіндегі перформативті актке аударылады.

3. Әдетте, президенттер тыңдаушыларға әсер етуді күшейту үшін әртүрлі экспрессивті лингвистикалық құралдарды енгізе отырып, айрықша ұстамды сөйлеу стилін пайдаланады. Ұлықтау сөздерінің тілі қоғамдық қабылдауды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мысалы, ұлттық бірлікке баса назар аудару үшін жиі қолданылатын «біз» есімдігі әртүрлі функционалдық жүктемелерді орындайды: АҚШ президенттерінің ұлықтау сөздерінде ол бүкіл халыққа, яғни инклюзивті қолданылса («Біз, Америка азаматтары...», Трамп, 2017); Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінде ол жиірек халықтың ұжымдық жауапкершілігіне баса назар аудара отырып қолданылады. АҚШ президенттерінің (Б. Клинтоннан Д.Трампың бірінші ұлықтау сөзіне дейін) ұлықтау сөздерінде бірінші жақтағы жіктеу есімдігінің жекеше түрінің қолданылуы айтарлықтай азайып, жеке көшбасшылық басқарудан ұжымдық басқаруға ауысқанын көрсетеді.

4. Саяси және әлеуметтік жүйелердегі, сондай-ақ мәдениеттегі, дәстүрлердегі және дүниетанымдағы айырмашылықтар саяси дискурс жанрларының үлгілері ретінде американдық және қазақстандық ұлықтау сөздері арасындағы елеулі айырмашылықтарды анықтады. Біріншіден, олардың елеулі мазмұндық айырмашылығы мынадай маңызды тұстарда көрінеді. Біріншіден, американдық президенттердің ұлықтау сөздерінде сайлау ұлт бірлігінің құралы және көрінісі ретінде қарастырылмайды. Алайда, Қазақстан Республикасы Президенттерінің ұлықтау сөздерінің барлығында сайлау президентті елдегі ең жоғары лауазымға сайлаған, басқа кандидаттар арасында оның үгіт-насихат жұмыстарын қолдаған, ал ұлықтау күні оның ұлықтау рәсімінің куәгері ретінде біріккен ұлт бірлігінің әрекеті ретінде көрініс табады. Екіншіден, екі елдің ұлықтау сөздеріндегі айрықша ерекшелік – діни символика қолданысы. Ол АҚШ президенттерінің ұлықтау сөздерінде анық және тұрақты түрде айтылатын болса, Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінде діни символикаға, Құдайға немесе қасиетті кітаптарға сілтемелер жоқ. Тек 2022 жылы өзінің ұлықтау сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаев барша мұсылмандар үшін қасиетті орын – Мекке, Кағба, құран бағыштауды және Құран Кәрімді атап өтті. Сонымен қатар, қазақстандық саяси элитаның барлық ресми сөздері сияқты Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздері де қазақ және орыс тілдерінде айтылатынан атап өту маңызды. Уақыт өте келе Қазақстан президенттерінің ұлықтау сөздерінің қазақ және орыс фрагменттерінің пайыздық арақатынасы айтарлықтай өзгергені анықталды, орыс тіліндегі үзінділердің біршама қысқаруы байқалады.

Жалпы алғанда, ұлықтау сөздері әр елдің саяси мәдениеті мен басқару принциптерін көрсететін қуатты риторикалық құрал ретінде қызмет етеді. Қолданылатын әдіс-тәсілдердің ұқсастығына қарамастан, әр елдің тарихи және саяси жағдайын айқындайтын басымдылықтары мен идеологиялық нарративтері айтарлықтай ерекшеленіп, қолданылатын тілдік құралдарға әсер ететіні сөзсіз.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы саяси дискурс жанрларының бірі ретінде ұлықтау сөздерінің мәні мен ерекшеліктерін зерттеуге белгілі бір үлес қосуымен байланысты. Жұмыста әлемдегі елеулі геосаяси күйзелістермен ерекшеленген 1991-2025 жылдар аралығындағы екі ел президенттері ұлықтау сөздерінің жалпы және дербес конститутивті ерекшеліктері айқындалды. Бұл екі ел президенттерінің ұлықтау сөздерін өзара әрекеттестік контексттер мен коммуникативті конситуациялық жағдайлар аясында қарастыруға мүмкіндік берді.

Онтологиялық тұрғыдан өзін-өзі қамтамасыз ете алатын тұрақты құрылымдық, коммуникативті және прагматикалық сипаттамалары бар лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде ұлықтау сөздері туралы егжей-тегжейлі түсінік алынды. Сондай-ақ, Мартин Рейзигл бойынша ұлықтау сөзінің саяси өрістерінің сәтті тексерілген классификациясы қолданыла сараланды. Осының барлығын бірге саяси дискурстың басқа жанрларын сипаттау үшін қолдануға болады. Зерттеу жұмысында отандық тіл білімінің концептуалды-терминологиялық аппаратын кеңейтуге мүмкіндік беретін Қазақстанның саяси және сөйлеу реалияларына бейімделген классификациялық және функционалдық тәсілдемелер ұсынылған.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертацияның теориялық қағидалары мен қорытындыларын саяси дискурс, заманауи риторика, прагматика, дискурс сараптама, социолінгвистика, стилистика және шешендік өнер, мәдениетаралық коммуникацияның теориясы мен практикасы курстарын әзірлеу және оқыту үшін пайдалану мүмкіндігі арқылы анықталады. Өйткені жұмыс Қазақстандық тіл біліміндегі саяси мәтіндерге, атап айтқанда, ұлықтау сөздеріне жанрлық-дискурсивтік тұрғыдан бүгінгі күнге дейін жүйелі және салыстырмалы түрде жеткілікті түрде зерттелмеген олқылықтарды толтырады. Зерттеу лингвистика, журналистика, саясаттану және мәдениетаралық коммуникация саласындағы академиялық бағдарламалар аясында саяси дискурсты зерттеудің әдіснамалық негізі бола алады. Диссертацияның материалдары қоғамдық және саяси коммуникация саласының мамандары – спичрайтерлер, саяси стратегтер, баспасөз қызметтері, имиджмейкерлер үшін сөйлеу стратегияларын әзірлеу бойынша практикалық нұсқаулар мен ұсынымдар әзірлеуде, ресми үндеулер мен салтанатты сөздерді, саяси хабарламаларды дайындау мен талдауда, саяси оқиғалар мен қоғамдық риторикаға талдау жасауда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнын және кең аудиторияға арналған риториканы дайындауда практикалық қызығушылық тудырады. Диссертация нәтижелері ағылшын және қазақ тілдерінде практикалық курсты оқыту кезінде студенттердің дискурстық құзыреттілігін қалыптастыруда арнайы мақсаттарға бейімделуі мүмкін.

Осылайша, жұмыстың саяси дискурсты зерттеуде ұлттық көзқарас қалыптастыруға және саяси лингвистика саласындағы оқу және зерттеу бастамаларына ғылыми-әдістемелік қолдау көрсете алатын қолданбалы және пәнаралық маңызы зор.

Диссертацияны апробациялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап докторанттарға арналған ғылыми-әдістемелік семинарларда, 2024 жылы Халықаралық білім беру бойынша Американдық Кеңестердің (ACCELS) Құрметті президенті Д. Дэвидсонның және «Флагман» бағдарламасының (ACCELS/ACTR) академиялық директоры М. Лекичтің (докторанттың шетелдік ғылыми жетекшісі), филология факультеті кафедра

мүшелерінің және жас ғалымдардың қатысуымен өткен ғылыми семинарда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының отырыстарында, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми конгресстер мен конференцияларда баяндалып, талқыланды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, сондай-ақ шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған.

Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың жалпы саны – 7. Диссертацияның негізгі нәтижелері Scopus деректер қорына енгізілген мақалада (1 жарияланым); халықаралық конгресстердің, конференциялардың және семинарлардың материалдарында (2 жарияланым); Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдар мен басылымдарда (3 басылым), және басқа да жарияланымдарда шығарылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері жұмыстың **құрылымы мен мазмұнын анықтады.**

Диссертацияның бірінші бөлімінде «дискурс, саяси дискурс, ұлықтау сөзі» сияқты ұғымдар талданады. Саяси дискурстың түрлері мен негізгі функциялары қарастырылып, отандық және шетелдік лингвистикалық зерттеулер негізінде тіл мен саясат арасындағы қатынастар бағаланды. Саяси дискурс және саяси дискурстың жанрларының бірі ретіндегі ұлықтау сөздерінің конституциялық ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, ұлықтау рәсімі сипатталып, оның АҚШ пен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздеріндегі мазмұндық және тілдік-жанрлық ерекшеліктеріне тигізетін әсері анықталды.

Екінші бөлімде АҚШ президенттерінің ұлықтау сөздерінің құрылымдық ерекшеліктері талданып, олардың айқын композициялық ұйымдасуы көрсетілді.

Үшінші бөлімде Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінің құрылымдық ерекшеліктері талданып, оларды американдық саяси дәстүрдегі ұқсас сөздерден ерекшелейтін сипаттары анықталды.

Төртінші бөлім саяси дискурстың ерекше жанры ретіндегі АҚШ пен Қазақстан Республикасы президенттерінің ұлықтау сөздерінің функционалдық және жанрлық ерекшеліктерін айқындауға арналды.

Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, олардың негізгі тұжырымдары нақтыланып, аталған тақырыпты одан әрі зерттеудің әлеуеті айқындалды.